

## 4 ЖЕЛДЕТУ ЖЕЛІЛЕРІ

### 4.1 Желдету желілерін талдау

#### 4.1.1 Желдету қосылыстарының жалпы сипаттамасы

Желдету желісі әртүрлі пішіндегі, қимадағы және ұзындықтағы ауа жолдарының бір-бірімен байланыспайтын желдеткіштерден тұратын жүйені білдіреді. Жүйенің негізгі тағайындауы - әкімшілік ғимараттарда, мекемелерде, өндірістік жайларда, цехтарда, жұмыс орындарында, сыртқы атмосфералық ауасы бар жер асты тау қазбасында ауа ортасын талап етілген алмасуды қамтамасыз ету. Желдету жүйесі әдетте квазистационарлық жағдайда болады. Өр болған жағдайда, желдету құрылысының, желдету жүйесінің термодинамикалық және аэродинамикалық ұйытқулары бұзылған кезде стационарлық емес күйге ауысады. Желдету жүйесінің қабілеттілігі қалыпты және апатты жағдайда желдетудің қажетті режимі оның сенімділігінің дәрежесін сипаттайды және желдету маңызын жобалау барысында есеп беруді түсінуден және оның теориялық негіздеріне байланысты, сондай-ақ өндіріс жағдайында ауа ағындарын бөлуді басқару кезінде дұрыс шешімдер қабылдауға да байланысты.

Желдету желісі желдету жоспары немесе есептік аэродинамикалық сұлба түрінде берілуі мүмкін.

*Желдету жоспары* – бұл өндірістік және әкімшілік жайларда ауа жолдарының орналасу жоспары, онда шартты белгілермен ауа ағындарының бағыты, реттеуші құрылғылар мен құрылыстар, бақылау-өлшеу пункттері және т.б. берілген.

*Есептік аэродинамикалық сұлба* – бұл өзара байланысқан тораптар мен тармақтардың белгіленген түрінде нақты желдету желісінің көрінісі (желдету жоспары). Аэродинамикалық сұлба өзара байланысқан бағандарды білдіреді, ол үшін келесі ұғымдар қабылданады:

- *торап* – үш және одан артық ауа жолдарының қосылысқан жері;
- *тармақ* – екі торапты қосатын жеке ауа жолы;
- *маршрут* – қайталанбайтын тармақтарды қосатын желдету желісіне апаратын жол;
- *контур* – қайталанбайтын тармақтарды қосатын желдету желісіне апаратын тұйық жол.

Кез келген аэродинамикалық сұлба үшін келесі топологиялық тәуелдіктер болады:

$$K = n - (N - 1), \quad (4.1)$$

мұнда  $K$  – есептік аэродинамикалық сұлбадағы тәуелсіз контурлар саны, яғни бір-бірінен жаңа тармақпен ерекшеленетін контурлар саны;  
 $n$  – есептік аэродинамикалық сұлбадағы тармақтар саны;  
 $N$  – есептік аэродинамикалық сұлбадағы тораптар саны.

Күрделі желдету сұлбасы үшін тәуелсіз контурлардың мәні желдету ағындарын басқару және желідегі ауаны бөлу міндеттерін шешу кезінде қажет. Желдету желісін сипаттайтын теңдеулер жүйесі, егер оның құрамындағы сызықтық емес теңдеулер саны тәуелсіз контурлар санына тең болса түйықталады.

Ауаны бөлу талдауымен байланысты желдету есептерінің шешімі есептік аэродинамикалық сұлбаны салудан басталады, яғни натурада ауа жолдары қосылыстарының күрделі комбинациясынан қағаздағы қарапайым сызықтардың үйлесіміне көшуден басталады.

Есептік желдету сұлбасын салу мынадай. Берілген объектінің желдету жоспарында желдету барлық тораптық нүктелері (үш және одан артық ауа жолдары тоғысатын жерлер) болады және белгіленген тәртіпте номерленеді. Содан кейін барлық тораптық нүктелер қағаз бетіне салынады және натураға сәйкес келетін тәртіптегі сызықтар бір-бірімен қосылады.

Екі торап арасында қосылған сызық тармақ деп аталады, оның физикалық элементі желдету жоспарына сәйкес келетін ауа ағынының учаскесі болып табылады.

Тармақтарды кодтау үшін үш орынды  $k, i, j$  предикат пайдалану керек, мұнда  $k$  – тармақтарды номерлеу,  $i$  және  $j$  – тармақтардың басы мен аяғын номерлеу. Атмосферамен байланысы бар ауа жолының бас немесе аяғы олардың реттік номеріне қарамастан 1 цифрмен белгіленеді.

Барлық тармақтардың элементарлық кодтарының тізімі арнайы кестеге енгізіледі және бір уақытта бастапқы деректерді құрастырып, желі топологиясын толықтай анықтайды.


#### 4.1.2 Желдету қосылыстарының типтері

Байланыс тәсілдеріне байланысты желдету ағындарының және ауа жолдарының бірізділікті, параллель, диагональ, аралас және күрделі қосылыстары деп ажыратады.

*Бірізділікті қосылыстар* (4.1, а-сурет) – барлық ауа жолдары өзара бүйірлік тармақталусыз қосылады.

*Параллель қосылыстар* (4.1, б-сурет) – бір торапта тармақталатын және өзара қосымша желдету арналарымен немесе құбыр жолдарымен қосылмайтын барлық ауа жолдары бір жалпы торапқа қосылады.

*Диагональ қосылыс* (4.1, в-сурет) – торап пункттерінен басқа екі параллель ауа жолында қосымша байланыстар болады, олар *диагональ деп аталады*.



4.1-сурет. Ауа жолдары қосылысының сұлбасы

Жоғарыда аталған сұлба комбинациясы *аралас сұлбаны* құрайды (4.1, г-сурет).

Егер желдету қосылысын жоғарыда аталғандардың ешқайсысына апару мүмкін болмағанда, онда оны *күрделі* ретінде жіктейді (4.1, д-сурет).

### 4.1.3 Желдету желісінің негізгі заңдары

Желдету желісіндегі ауа қозғалысы екі негізгі заңға бағынады.

Бірінші заң – массаны сақтау заңы. Тораптағы ауа мөлшерінің алгебралық қосындысы нольге тең.

Аталған заң ауа ағындары қозғалысының үздіксіздік шартының өрнегі болып табылады, соған байланысты 4.2, а-суреттегі берілген сұлба үшін былай жазуға болады


$$Q_1 + Q_2 + Q_3 - Q_4 - Q_5 = 0$$

немесе жалпы жағдайда

$$\sum_S Q_i = 0, \quad (4.2)$$

мұнда  $S = 1, 2, 3, \dots, N$  – тораптарды номерлеу;

$i = 1, 2, 3, \dots, n$  – тармақтарды номерлеу.



4.2-сурет. Желінің негізгі заңдарын түсіндіруге арналған сұлба

Екінші заң – энергияны сақтау заңы. Тартым көздері депрессиясының алгебралық қосындысы тұйық контурдағы барлық тармақтар депрессиясының алгебралық қосындысына теңеледі. Тартым көздері болмаған кезде – тұйық контурдағы барлық тармақтар депрессиясының алгебралық қосындысы теңге болады.

Тұжырымдалған заңды дәлелдеу үшін 4.2, б-суретте келтірілген шығындармен бағдарланған контурды қарастырамыз.  $P_1, P_2, P_3, P_4$  және  $P_5$  арқылы тораптардағы қысымды белгілейміз. 1-2-4-5 және 1-3-5 маршруттар бойынша ауа ағындарының қозғалысы кезінде арын шығынын анықтаймыз.

1-2 тармақтағы депрессия 1 мен 2 тораптағы қысым айырымы ретінде анықталады

$$h_{1,2} = P_1 - P_2.$$

2-4 және 4-5 тармақтағы депрессия тең болады

$$h_{2,4} = P_2 - P_4;$$

$$h_{4,5} = P_4 - P_5.$$

Қысымның жалпы шығыны таңдап алынған маршруттың әрбір элементінде жоғалтатын қысым айырымының қосындысына тең, яғни

$$h_{1,2} + h_{2,4} + h_{4,5} = P_1 - P_5. \quad (4.3)$$

1-3-5 маршруттарының қатынасын осыған ұқсас талқылай отырып, мынаны аламыз

$$h_{1,3} + h_{3,5} = P_1 - P_5. \quad (4.4)$$

(4.3) және (4.4) өрнектерде оң жақ бөліктер тең, солай сол жақ та тең болады, сондықтан

$$h_{1,2} + h_{2,4} + h_{4,5} = h_{1,3} + h_{3,5}$$

немесе

$$h_{1,2} + h_{2,4} + h_{4,5} - h_{3,5} - h_{1,3} = 0,$$

осыны дәлелдеу қажет.

Жоғарыда баяндалған дәлелдер контурда тартым көздері байқалатын жағдай үшін таралады. Бұл жағдайда арындағы қосынды шығыны оның барлық көздерінің келуіне тең болады. Мысалы, 1-2-4-5-3-1 контур үшін (4.2, с-сурет)

$$h_{1,2} + h_{2,4} + h_{4,5} - h_{3,5} - h_{1,3} + h_6 = 0.$$

Жалпы жағдайда,  $h_i = R_i Q_i^2$  түрінде,  $L$ -лі контур үшін желінің екінші заңы былай жазылады:

$$\sum_L \varepsilon \cdot R_i Q_i^2 + \varepsilon \cdot h_L = 0, \quad (4.5)$$

мұнда  $L = 1, 2, 3, \dots, K$  – тәуелсіз контурларды номерлеу;

$h_L$  –  $L$ -лі контурда тартым көздерінің депрессиясы;

$\varepsilon$  – ауа ағындары бағытының коэффициенті. Ауа қозғалысының бағыты бар контурдың келуінің сәйкес келуі кезінде тармақ үшін

$\varepsilon = 1$ , сәйкессіздік кезінде  $\varepsilon = -1$ . Ауа берілісінің бағыты бар контурды айналып өтуге сәйкес келген кезде тартым көздері үшін  $\varepsilon = -1$ ,

сәйкессіздік кезінде  $\varepsilon = 1$ .

Жоғарыда баяндалғандарға қосымша тағы да бір маңызды қасиет бар, ол желінің екінші заңы салдарынан туындайды.

*Желдету желісіндегі кез келген нүктедегі қысым аталған сұлбада оның орналасқан орнымен анықталады, қарастырылатын ауа ағыны қандай жолмен аталған нүктеге қалай дәл түсетініне байланысты.*

Шынында, егер бұлай болмаса, онда ертерек таңдап алынған нүктеге әртүрлі маршруттар бойынша қозғала отырып, сол және басқа уақытта қысым айырымын өлшеу қажет болса, бұл мүмкін емес. Егер желдету желісіндегі нүктелердің жағдайы көрсетілген болса, онда кез келген жол бойынша олардың арасындағы депрессия сол күйінде қалады. Параллель тармақтар депрессиясы және шартты параллель бағыттар әрдайым өзара тең болуымен түсіндіріледі.

Соңғы жағдайда *шартты параллель бағыттар деп* желдету қосылысындағы маршруттар аталады, шеткі жалпы нүктелерден басқа өзара қосымша аэродинамикалық байланыстары білдіреді.

Желінің екінші заңын қолдану кезінде келесі ережелер басшылыққа алынады.

1. Контурды айналып өту бағыты беріледі.

2. Тармақ депрессиясы, ағын бағыты контурды айналып өту бағытымен сәйкес келмесе, теріс деп саналады.

3. Тартым көздерінің депрессиясы тұйық контурда ауа жолдары депрессиясына қатынасы бойынша әрдайым кері белгісі болады.


Бірінші және екінші заңдар негізінде құралған теңдеулер жүйесі желдету желісінде кез келген күрделілікте ауаның бөлінуін сипаттайды және мына түрде болады

$$\begin{cases} \sum_s Q_i = 0; \\ \sum_L \varepsilon \cdot R_i Q_i^2 + \varepsilon \cdot h_L = 0. \end{cases} \quad (4.6)$$

Жүйе шешімі (4.6) желдету желісінде барлық элементтерде ауаның күрделілігіне және өлшемділігіне қарамастан ауаның белгісіз шығындарын береді. Сол уақытта қарастырылатын теңдеулердің жүйесін табысты іске асыру ақпараттардың үш көздерінің барлығымен байланысты: желдету желісіндегі есептік аэродинамикалық модель; есептік модельге тармақтардың аэродинамикалық кедергісінің массиві; тартым көздері туралы деректер.

#### 4.1.4 Ауа жолдарының бірізділікті қосылысы

Ауа жолдарының бірізділікті қосылысын (4.3-сурет), егер оның ұшы мен шартты тармақтың басын нольдік кедергімен байланыстырса, тұйық контур түрінде беруге болады.



4.3-сурет. Ауа жолының бірізділікті қосылысының есептік сұлбасы

Ауа тармағы бойынша өтетін саны үздіксіздік шартының күшімен мына шартқа бағынатын болады

$$Q_1 = Q_2 = Q_3 = \dots = Q_n = Q_g. \quad (4.7)$$

Контурды айналып өтудің берілген бағыты үшін желінің екінші заңына сәйкес келесі теңдік әділ болады

$$(R_1 + R_2 + \dots + R_n) Q_g^2 = h_g,$$

немесе

$$h_{\epsilon} = R_{o\delta} Q_{\epsilon}^2. \quad (4.8)$$

Осы жерде  $n$  ауа жолына бірізділікті қосылған  $h_{o\delta}$  депрессия және  $R_{o\delta}$  жалпы кедергісі мына формулалар бойынша анықталады:

$$R_{o\delta} = R_1 + R_2 + \dots + R_n; \quad (4.9)$$

$$h_{o\delta} = h_1 + h_2 + \dots + h_n, \quad (4.10)$$

мұнда  $R_1, R_2, \dots, R_n$  – бірізділікті қосылысқа енетін ауа жолдарының аэродинамикалық кедергісі;

$h_1, h_2, \dots, h_n$  – бірізділікті қосылысқа енетін ауа жолдарының депрессиясы.

Есептің әрі қарай шешімі  $h_{\epsilon}$  желдеткіш депрессиясының қандай түрде берілгеніне байланысты. Егер  $h_{\epsilon} = const$ , онда (4.8) ұсынылады

$$Q_{\epsilon} = \sqrt{\frac{h_{\epsilon}}{R_{o\delta}}}. \quad (4.11)$$

Егер желдеткіш сипаттамасы (3.20) теңдеумен сипатталатын болса, онда ауа шығыны мына өрнекпен анықталады

$$Q_{\epsilon} = \sqrt{\frac{A}{R_{o\delta} + C}}. \quad (4.12)$$

Егер желдеткіш сипаттамасын сипаттау үшін (3.19) түрдегі теңдеуді пайдалану ұсынылса, онда квадратты теңдеуді талдауға көшеміз, ал бұл есептердің шешілуін біршама күрделендіреді. Есептеулер практикасы (3.20) түрдегі теңдеумен желдеткіш сипаттамасын аппроксимациялау бірізділікті және басқа бірқатар желдету қосылыстарын талдаудың әбден қолайлы дәлдігін қамтамасыз етеді.

**13-мысал.**  $R_1 = 0,76$  даПа·с<sup>2</sup>/м<sup>6</sup>,  $R_2 = 0,47$  даПа·с<sup>2</sup>/м<sup>6</sup>,  $R_3 = 0,53$  даПа·с<sup>2</sup>/м<sup>6</sup>, үш бірізділікті қосылған құбыр жолының кедергісінен тұратын желдету тұғырында желдеткіш жұмыс істейді, ол 200 даПа. Депрессияны дамытады. Жүйеге ауаның қандай мөлшері енетінін анықтау керек.

Шешімі. Ауа жолының жалпы аэродинамикалық кедергісін табамыз

$$R_{o\delta} = 0,76 + 0,47 + 0,53 = 1,76 \text{ даПа·с}^2/\text{м}^6.$$

(4.11) формуланы пайдалана отырып, мынаны аламыз

$$Q_{\epsilon} = \sqrt{\frac{200}{1,76}} = 10,66 \text{ м}^3/\text{с}.$$

Өйткені ауа жолдарының бірізділікті қосылысы кезінде ауаның жалпы мөлшері желдеткіш өнімділігіне теңеледі, онда берілген шартқа сәйкес жүйеге  $10,66 \text{ м}^3/\text{с}$  ауа келіп түседі.

**14-мысал.** Алдыңғы есептің шарты үшін желдеткіш жұмысының режимін және ауаның жалпы мөлшерін, егер оның сипаттамасы  $h_e = 342 - 0,25Q_e^2$  түрдегі теңдеумен сипатталатын болса, табу қажет.

Шешімі. Желдеткіштің берілісі және жүйеге келіп түсетін ауаның жалпы мөлшері мына формула бойынша анықталады (4.12).


$$Q = Q_e = \sqrt{\frac{342}{1,76 + 0,25}} = 13,04 \text{ м}^3/\text{с}.$$

Желдеткіш депрессиясын анықтау үшін есептер шартында берілген теңдеу сипаттамасы пайдаланылады. Желдеткіш өнімділігі кезінде  $Q_e = 13,04 \text{ м}^3/\text{с}$  болады

$$h_e = 342 - 0,25 \cdot 13,04^2 = 299,49 \text{ даПа}.$$

#### 4.1.5 Ауа жолдарын параллель қосу

Ауа жолдарын параллель қосу жабық (4.4, *а-сурет*) және ашық (4.4, *б-сурет*) типте болады. Ауаның жалпы мөлшері  $Q_o$  –ға тең параллель қосылысқа келіп түседі. Жеке тармақтар бойынша ауаны қалай бөлуді анықтау және параллель қосылыстағы  $R_{об}$  жалпы кедергіні табу талап етіледі.



4.4-сурет. Аэродинамикалық есептік желдету сұлбасы

Қойылған есепті шешуге кіріспес бұрын, параллель қосылыстың кейбір маңызды қасиеттеріне көңіл аударамыз.



1. Жалпы торапқа келіп түсетін және тораптан шығатын ауа мөлшерінің желісі тең болады

$$Q_o = Q_1 + Q_2 + Q_3 + \dots + Q_n. \quad (4.13)$$

2. Параллель қосылыстың  $h_o$  жалпы депрессиясы және оның барлық тармақтарының депрессиясы өзара тең:

$$h_o = h_1 = h_2 = h_3 = \dots = h_n. \quad (4.14)$$

Жеке тармақтардың депрессиясы және тұтас алғанда параллель қосылыстың депрессиясы 1 және 2 тораптардағы қысым айырымы ретінде анықталатынын назарға алса, оңай көз жеткізуге болады.

(4.14) өрнектегі депрессияны тармақтағы ауа шығыны мен кедергісінің мәндеріне айырбастап, мынаны аламыз

$$R_{o\bar{o}} Q_o^2 = R_1 Q_1^2 = R_2 Q_2^2 = R_3 Q_3^2 = \dots = R_{n-1} Q_{n-1}^2 + R_n Q_n^2.$$

Аталған жазу келесі теңдеу жүйесінде берілуі мүмкін:

$$\begin{cases} R_{o\bar{o}} Q_o^2 = R_1 Q_1^2 ; \\ R_{o\bar{o}} Q_o^2 = R_2 Q_2^2 ; \\ \dots \dots \dots \\ R_{o\bar{o}} Q_o^2 = R_{n-1} Q_{n-1}^2 ; \\ R_{o\bar{o}} Q_o^2 = R_n Q_n^2 . \end{cases}$$

Алынған жүйені келесі түрге түрлендіреміз:

$$\begin{cases} \frac{Q_1}{Q_o} = \sqrt{\frac{R_{o\bar{o}}}{R_1}} ; \\ \frac{Q_2}{Q_o} = \sqrt{\frac{R_{o\bar{o}}}{R_2}} ; \\ \dots \dots \dots \\ \frac{Q_n}{Q_o} = \sqrt{\frac{R_{o\bar{o}}}{R_n}} . \end{cases} \quad (4.15)$$

Сол және оң жақ бөліктерді жіктей отырып, аламыз

$$\frac{Q_1 + Q_2 + \dots + Q_n}{Q_o} = \sqrt{\frac{R_{o\delta}}{R_1}} + \sqrt{\frac{R_{o\delta}}{R_2}} + \dots + \sqrt{\frac{R_{o\delta}}{R_n}}.$$

Бұл жерде (4.13) назарға ала отырып, параллель қосылыстың жалпы аэродинамикалық кедергісін есептеу үшін есептік формуланы аламыз

$$\frac{1}{\sqrt{R_{o\delta}}} = \frac{1}{\sqrt{R_1}} + \frac{1}{\sqrt{R_2}} + \dots + \frac{1}{\sqrt{R_n}}. \quad (4.16)$$

Параллель қосылыстың жеке тармақтары бойынша ауа шығыны олардың депрессиясы теңдігінің принципіне байланысты анықталады. Мысалы, бірінші теңдеу жүйесінен (4.15) ұсынылады

$$Q_1 = Q_o \sqrt{\frac{R_{o\delta}}{R_1}}.$$

Осы жүйенің екінші теңдеуіне ұқсас аламыз

$$Q_2 = Q_o \sqrt{\frac{R_{o\delta}}{R_2}}.$$

Осылайша жалғастыра отырып, кез келген  $i$ -тармақтағы параллель қосылыс үшін ауа шығыны келесі формула бойынша анықталады:

$$Q_i = Q_o \sqrt{\frac{R_{o\delta}}{R_i}}, \quad (4.17)$$

мұнда  $i = 1, 2, 3, \dots, n$  – параллель қосылыс тармақтарын номерлеу;  
 $Q_o$  – параллель қосылыстың басына келіп түсетін ауа мөлшері.

**15-мысал.**  $R_1 = 0,35$  даПа·с<sup>2</sup>/м<sup>6</sup>,  $R_2 = 0,48$  даПа·с<sup>2</sup>/м<sup>6</sup>,  $R_3 = 0,62$  даПа·с<sup>2</sup>/м<sup>6</sup> кедергісінен тұратын үш ауа жолының параллель қосылуының басында (4.4, *a-сурет*) 36 м<sup>3</sup>/с ауа енеді. Желдету қосылысының жалпы кедергісі және депрессиясы, сондай-ақ ауаның қандай мөлшері ауа жолының әрқайсысына және олардың депрессиясына түсетінін анықтау талап етіледі.

Шешімі. (4.16) формуласы бойынша параллель қосылыстың жалпы кедергісі анықталады

$$\frac{1}{\sqrt{R_{o\delta}}} = \frac{1}{\sqrt{0,35}} + \frac{1}{\sqrt{0,48}} + \frac{1}{\sqrt{0,62}} = 4,40369.$$

Бұл жерден табамыз,  $R_{об} = 0,05157$  даПа·с<sup>2</sup>/м<sup>6</sup>.

(4.17) формуласына сәйкес ең бірінші ауа жолына мына мөлшердегі ауа түседі

$$Q_1 = 36 \cdot \sqrt{\frac{0,05157}{0,35}} = 13,82 \text{ м}^3/\text{с}.$$

Екінші және үшінші ауа жолы түседі:

$$Q_2 = 36 \cdot \sqrt{\frac{0,05157}{0,48}} = 11,8 \text{ м}^3/\text{с};$$

$$Q_3 = 36 \cdot \sqrt{\frac{0,05157}{0,62}} = 10,38 \text{ м}^3/\text{с}.$$

Есептің дұрыс шешілуін тексеру үшін желінің бірінші заңын пайдаланамыз. Біздің мысалымыз үшін келесі теңдік  $Q_0 - (Q_1 + Q_2 + Q_3) = 0$  орындалуы тиіс. Деректерді қоя отырып, аламыз  $36 - 13,82 - 11,8 - 10,38 = 0$ . Ауа шығыны дұрыс табылған. Желдету қосылысының жалпы депрессиясын табамыз

$$h_{об} = R_{об}Q_0^2 = 0,05157 \cdot 36^2 = 66,83 \text{ даПа}.$$

Ауа жолының депрессиясы:

$$h_1 = R_1Q_1^2 = 0,35 \cdot 13,82^2 = 66,84 \text{ даПа};$$

$$h_2 = R_2Q_2^2 = 0,48 \cdot 11,8^2 = 66,83 \text{ даПа};$$

$$h_3 = R_3Q_3^2 = 0,62 \cdot 10,38^2 = 66,80 \text{ даПа}.$$

Желдету қосылысын құрайтын жалпы депрессия және жекелеген ауа жолдарының депрессиясы өзара тең, кез келген параллель қосылыс үшін сипатты болып табылады.

**16-мысал.** Төрт ауа жолынан тұратын ашық типтегі параллель қосылысты білдіретін желдету желісінің тармақтары бойынша жалпы ауа шығынын және оның бөлінуін анықтау керек (4.4, *б-сурет*), егер бірінші тармаққа  $18 \text{ м}^3/\text{с}$  ауа келіп түскені белгілі болса. Тармақ кедергісі  $0,45; 0,56; 1,25; 0,82$  даПа·с<sup>2</sup>/м<sup>6</sup> –ға сәйкес тең.

Шешімі. Бірінші ауа жолының депрессиясын анықтаймыз

$$h_1 = R_1Q_1^2 = 0,45 \cdot 18^2 = 145,8 \text{ даПа}.$$

Параллель тармақтың депрессиясы өзара тең болса, онда

$$h_1 = h_2 = h_3 = h_4 = 145,8 \text{ даПа}.$$

Екінші ауа жолына келіп түсетін ауаның мөлшері  $h_2 = h_1$  шартында болады. Сондықтан,  $0,56 \cdot Q_2^2 = 145,8$ . Осы жерден табамыз

$$Q_2 = \sqrt{\frac{145,8}{0,56}} = 16,14 \text{ м}^3/\text{с}.$$

Ауа шығыны қалған барлық тармақтар үшін осыған ұқсас анықталады. Тиісті есептеулерді орындай отырып, үшінші және төртінші тармаққа  $Q_3 = 10,8 \text{ м}^3/\text{с}$  и  $Q_4 = 13,3 \text{ м}^3/\text{с}$  мөлшердегі ауа түсетінін табамыз.

Жалпы ауа шығыны тең болады

$$Q_0 = Q_1 + Q_2 + Q_3 + Q_4 = 18 + 16,14 + 10,8 + 13,3 = 58,24 \text{ м}^3/\text{с}.$$

Өнеркәсіптік желдету желісін есептеу процесінде бірізділікті параллель қосылыстар типтес аралас сұлбалар кездесіп қалады. Мұндай есептерді шешу тәртібі (4.16) формуласы бойынша параллель тармақтардың әрбір жұбы үшін жалпы кедергіні табудан тұрады, ол есептеу сұлбасында параллель кедергіні айырбастаудан тұрады. Нәтижесінде бірізділікті қосылыс алынады, оның жалпы кедергісі (4.9) формуласы бойынша анықталады.

Осылайша, желдету қосылыстарының аралас сұлбасын талдау оларды кезең-кезеңмен түрлендіруге әкеледі және ең ақырында қарапайым бірізділікті қосылысқа әкеледі. Ауаның жалпы шығынын анықтау және желдету желісіндегі тармақтар бойынша ауаның бөлінуін анықтау жүргізілген түрлендіру тәртібіндегі қатынас бойынша кері анықталады.

**17-есеп.** Аралас типтегі желдету желісіне ауаны беру үшін (4.5, *a-сурет*) жұмыс доңғалағының 500 об/мин айналу жиілігі бар және қалақшаны орнату  $\theta = 30^\circ$  бұрышы бар ВЦ–32 желдеткіш орнатылған. Желдету қосылысының жалпы кедергісін, желдеткіштің жұмыс режимін және желдету желісінің тармақтары бойынша ауаның бөлінуін табу қажет. Есептік сұлбадағы тармақтар кедергісі даПа·с<sup>2</sup>/м<sup>6</sup> келесі сандық мәндерге ие болады:  $R_1 = 0,012$ ;  $R_2 = 0,08$ ;  $R_3 = 0,17$ ;  $R_4 = 0,32$ ;  $R_5 = 0,95$ ;  $R_6 = 0,056$ ;  $R_7 = 0,073$ ;  $R_8 = 0,021$ . ВЦ–32 желдеткіштің аэродинамикалық сипаттамасы 4.6-суретте келтірілген.

**Ш е ш і м і.** Қойылған есептердің шешімін келесі тәртіпте бастаймыз. (4.16) формуласы бойынша 3 пен 4 тораптар арасындағы параллель қосылыстың  $R_{об,1}$  жалпы кедергісін анықтаймыз


$$\frac{1}{\sqrt{R_{об,1}}} = \frac{1}{\sqrt{R_3}} + \frac{1}{\sqrt{R_4}} = \frac{1}{\sqrt{0,17}} + \frac{1}{\sqrt{0,32}} = 4,19312 ,$$

Осы жерде ұсынылады,  $R_{об,1} = 0,05688 \text{ даПа} \cdot \text{с}/\text{м}^6$ .

$R_3$  және  $R_4$  екі тармақтан тұратын 4.5, *a* –суреттегі параллель қосылыстың есептік сұлбасын оның  $R_{об,1}$  аналогына айырбастай отырып, бастапқы сұлбаға эквивалентті жаңа сұлбаны аламыз (4.5, *б-сурет*).

Алынған есептік сұлбадағы 2 – 3 – 4 – 5 тармақ бірізділікті қосылыс болып табылады, оның жалпы кедергісі (4.9) сәйкес тең болады

$$R_{2,3,5} = R_2 + R_{об,1} + R_7 = 0,08 + 0,05688 + 0,073 = 0,20988 \text{ даПа} \cdot \text{с}/\text{м}^6.$$



4.5-сурет. Ауа жолының аралас желдету қосылысын бірізділікті қосылысқа кезең-кезеңмен түрлендіру сұлбасы

Келесі қадам 2 және 5 торап арасындағы  $R_{06,2}$  параллель қосылыстың жалпы кедергісін анықтаумен байланысты

$$\frac{1}{\sqrt{R_{06,2}}} = \frac{1}{\sqrt{R_{2,3,5}}} + \frac{1}{\sqrt{R_5}} + \frac{1}{\sqrt{R_6}} = \frac{1}{\sqrt{0,20988}} + \frac{1}{\sqrt{0,95}} + \frac{1}{\sqrt{0,056}} = 7,43455,$$

осы жерде табамыз,  $R_{06,2} = 0,018092$  даПа·с/м<sup>6</sup>.

Параллель қосылысты  $R_{06,2}$  эквивалентті кедергіге айырбастағаннан кейін (4.5, б-сурет) үш тармақтан тұратын бірізділікті қосылысқа тасымалданады (4.5, в-сурет), оның жалпы кедергісі тең

$$R_{06} = R_1 + R_{06,2} + R_8 = 0,012 + 0,018092 + 0,021 = 0,0511 \text{ даПа·с/м}^6.$$


Жалпы кедергінің  $R_{06} = 0,0511$  даПа·с/м<sup>6</sup> табылған шамасы есептік сұлбаны оның ақырғы түріне түрлендіреді (4.5, г-сурет), ол қарастырылатын желдету қосылысына келіп түсетін  $Q$  ауаның жалпы мөлшерін анықтау үшін бастапқы болып табылады.

ВЦ-32 желдеткішпен дамидын депрессияның екінші заңына сәйкес жалпы кедергіні жеңуге шығындалады.

Сондықтан

$$h_6 = R_{06}Q^2 = 0,0511Q^2. \quad (4.18)$$

Аталған теңдеуді шешу үшін, желдеткіш сипаттамасының жұмыс бөлігін (3.20) түрдегі теңдеумен жуықтау қажет. Бұл үшін желдеткіш ВЦ-32 сипаттамасының (4.6-сурет) төменгі жұмыс тармағында берілген шарттар есебінен  $h_1 = 340$  даПа;  $Q_1 = 70$  м<sup>3</sup>/с және  $h_2 = 200$  даПа;  $Q_2 = 110$  м<sup>3</sup>/с координатасы бар екі нүктені таңдаймыз.



4.6-сурет. ВЦ-32 желдеткіш сипаттамасы  
( $n_1 = 500$  минутына жұмыс доңғалағының айналымы)

$A$  және  $C$  коэффициенттерін анықтау үшін теңдеудің келесі жүйесін құраймыз

$$\begin{cases} 340 = A + C \cdot 70^2; \\ 200 = A + C \cdot 110^2, \end{cases}$$

осыны шеше отырып, табамыз,  $A = 435$ ;  $C = -0,0194$ .

Осылайша, берілген учаскедегі желдеткіш сипаттамасы мына түрдегі теңдеумен сипатталады

$$h_e = 435 - 0,0194Q^2. \quad (4.19)$$

(4.19)-ны (4.18)-ға қойып, аламыз

$$435 - 0,0194Q^2 = 0,0511Q^2,$$

осы жерде желдету жүйесіне енетін ауаның жалпы шығынын анықтаймыз,  $Q = 78,5284$  м<sup>3</sup>/с-ға тең шаманы құраймыз.

Есептік сұлбадан (4.5, в-сурет) ұсынылады

$$Q = Q_1 = Q_8 = 78,5284 \text{ м}^3/\text{с}.$$

Осылайша, 2 торапқа  $Q_1 = 78,5284$  м<sup>3</sup>/с ауа түседі. 2 және 5 тораптар арасындағы параллель қосылыстың тармақтары бойынша ауаның бөлінуі (4.17) формуласы бойынша анықталады.

$$Q_2 = Q_7 = Q_1 \sqrt{\frac{R_{об,2}}{R_{2,3,5}}} = 78,5284 \sqrt{\frac{0,018092}{0,20988}} = 23,056 \text{ м}^3/\text{с};$$

$$Q_5 = Q_1 \sqrt{\frac{R_{об,2}}{R_5}} = 78,5284 \sqrt{\frac{0,018092}{0,95}} = 10,837 \text{ м}^3/\text{с};$$

$$Q_6 = Q_1 \sqrt{\frac{R_{об,2}}{R_6}} = 78,5284 \sqrt{\frac{0,018092}{0,056}} = 44,6351 \text{ м}^3/\text{с}.$$

Есептеуден белгілі, 3 торапқа  $Q_2 = 23,056 \text{ м}^3/\text{с}$  ауа түседі. 3 және 4 тораптар арасында параллель қосылыстың тармақтары бойынша ауаның аталған мөлшері келесі түрде бөлінетін болады.

$R_3$  тармаққа түседі

$$Q_3 = Q_2 \sqrt{\frac{R_{об,1}}{R_3}} = 23,056 \sqrt{\frac{0,05688}{0,17}} = 13,3336 \text{ м}^3/\text{с}.$$

$R_4$  тармаққа түседі

$$Q_4 = Q_2 \sqrt{\frac{R_{об,1}}{R_4}} = 23,056 \sqrt{\frac{0,05688}{0,32}} = 9,7205 \text{ м}^3/\text{с}.$$

Есеп дұрыс шешілді деп көз жеткізу оңай. Бұл үшін барлық тораптар үшін желінің бірінші заңын және берілген есептік сұлбаның барлық тәуелсіз контурлары үшін екінші заңды орындауды тексеру қажет.

#### 4.1.6 Ауа жолының диагональ қосылысы

Диагональ желдету сұлбасы жер асты тәсілімен пайдалы қазбаларды өндіретін тау-кен кәсіпорындарына тән. Желдетудің диагональ сұлбасын талдау кезінде шешілуі тиісті негізгі мәселелер мыналар:


- ауа қозғалысының диагональ бағытын анықтау;
- есептік сұлбаның барлық тармақтары бойынша ауа шығынын анықтау;
- диагональ қосылыстың жалпы кедергісін анықтау.

Диагональ қосылыстың сипатты ерекшелігі 2-3 диагональға (4.4, в-сурет) ауа қозғалысы бағытын өзгерту немесе тармақтар кедергісінің ара қатынасына тәуелділіктегі оның қозғалысының болмауы мүмкіндігі болып табылады. Ауа қозғалысының диагональдағы жоғарыда аталған бағыттарының бірі мүмкін шартты зерттейміз.

Қарастырылатын желдету қосылысы торабындағы қысымды (4.7-сурет)  $P_1, P_2, P_3, P_4$  арқылы белгілейміз.

Егер ауа 2-нүктеден 3-нүктеге жылжытын болса, онды мына өрнек тура

$$P_2 > P_3. \quad (4.20)$$



4.7 –сурет. Диагональ қосылыстың есептік сұлбасы

Өз кезегінде

$$P_2 = P_1 - h_{1,2} \quad \text{и} \quad P_3 = P_1 - h_{1,3}, \quad (4.21)$$

мұнда  $h_{1,2}$  және  $h_{1,3}$  –1-2 және 1-3 тармақтағы депрессия.

(4.20) ара қатынасы (4.21) есебінен мына түрге түрленеді

$$h_{1,3} > h_{1,2}. \quad (4.22)$$

Басқаша, 2 және 3 нүктедегі қысым 4 тораптағы қысым және 2-4 мен 3-4 тармақтағы арын шығыны арқылы белгіленуі мүмкін

$$P_2 = P_4 + h_{2,4} \quad P_3 = P_4 + h_{3,4}. \quad (4.23)$$

Онда теңсіздік (4.20) мына түрде болады

$$h_{3,4} < h_{2,4}. \quad (4.24)$$

(4.22)-ны (4.24)-ға бөлеміз, тиісті тармақтарда ауа кедергісі мен шығыны арқылы депрессияны белгілей отырып, аламыз

$$\frac{R_3 Q_3^2}{R_4 Q_4^2} > \frac{R_1 Q_1^2}{R_5 Q_5^2}. \quad (4.25)$$

Өйткені  $Q_1 = Q_5 + Q_2$  и  $Q_4 = Q_3 + Q_2$ , онда (4.25) ара қатынасы мына түрге түрленеді

$$\frac{R_3}{R_4} \cdot \frac{1}{\left(1 + \frac{Q_2}{Q_3}\right)^2} > \frac{R_1}{R_5} \cdot \left(1 + \frac{Q_2}{Q_5}\right)^2. \quad (4.26)$$



Өйткені жақша ішінде тұрған өрнек бірліктен үлкен, онда оларды шегіндіру (4.26) теңсіздікті күшейтеді. Сондықтан, 2 нүктесінен 3 нүктеге ауа қозғалысының шарты орындалады, егер

$$\frac{R_1}{R_5} < \frac{R_3}{R_4}. \quad (4.27)$$

Осыған ұқсас талқылай отырып, келесі ара қатыстарды алуға болады:

$$\frac{R_1}{R_5} > \frac{R_3}{R_4}, \quad (4.28)$$

ол 3-нүктеден 2- нүктеге диагональ бойынша ауа ағыны қозғалысының шартын анықтайды.

Ауа қозғалысының диагональда болмауында теңдік тура

$$P_2 = P_3,$$

осы жерде, (4.21) және (4.23) назарға ала отырып, келесі теңдікке көшеміз:

$$\frac{R_3 Q_3^2}{R_4 Q_4^2} = \frac{R_1 Q_1^2}{R_5 Q_5^2}. \quad (4.29)$$

Өйткені  $Q_2 = 0$ , онда  $Q_1 = Q_5$  және  $Q_3 = Q_4$  тура жорамал дұрыс болар еді. Бұл жағдайда (4.29) –дан ұсынылады

$$\frac{R_1}{R_5} = \frac{R_3}{R_4}. \quad (4.30)$$

Осылайша, ауа қозғалысын диагональда шартын орындау кезінде (4.30) болмайды.

(4.27), (4.28) және (4.30) өрнектерін салыстыра отырып, диагональдағы ауа қозғалысының бағыты параллель тармақтар кедергінің қатынасына тәуелді және диагональдың өзінің кедергісіне байланысты емес.

Шахта желдету желісінде диагональ элементтердің болуы, ондағы ауаның қозғалысы өз шамасы мен бағытын өзгерте алады, белгілі бір қауіптілікті білдіреді, желдету ағындарының газдалған себебі болуы мүмкін. Себебі ауа ағыстарының аударылып түсу ықтималдығы тым үлкен, (4.30) өрнекке кедергі қатынасына жақын.

Диагональ желіде ауаны бөлу есебін шешу желінің бірінші және екінші заңдарын негізінде жүзеге асырылады. Есептік сұлбада (4.7-сурет) диагональдағы ауа 2-нүктеден 3-нүктеге жылжиды деп болжап, желінің бірінші заңын пайдалана отырып, 1, 2 және 3 тораптар үшін ауа шығынының балансын құраймыз.

$$\begin{cases} Q_o = Q_1 + Q_3; \\ Q_1 = Q_2 + Q_5; \\ Q_4 = Q_2 + Q_3. \end{cases}$$

Бірінші теңдеуде  $Q_1$  орнына  $Q_2$  және  $Q_5$  шығындары арқылы берілген оның мәндерін қоя отырып, теңдеудің келесі жүйесін аламыз:

$$\begin{cases} Q_o = Q_2 + Q_3 + Q_5; \\ Q_1 = Q_2 + Q_5; \\ Q_4 = Q_2 + Q_3, \end{cases} \quad (4.31)$$

осы жерде,  $Q_2$ ,  $Q_3$  және  $Q_5$  тәуелсіз шығындар болып табылады, оларды пайдалана отырып берілген есептік сұлба үшін ауаның қалған барлық шығындарын есептеуге болады.

Желінің екінші заңына сәйкес берілген есептік сұлбаның 1-2-3-1 және 2-4-3-2 контурлары үшін (4.7-сурет) теңдеудің келесі жүйесін құруға болады:

$$\begin{cases} R_3 Q_3^2 - R_2 Q_2^2 - R_1 Q_1^2 = 0; \\ R_2 Q_2^2 + R_4 Q_4^2 - R_5 Q_5^2 = 0. \end{cases} \quad (4.32)$$

$Q_1$  және  $Q_4$  орнына (4.31)-дан олардың мәндерін қойғаннан кейін (4.32) жүйесі мына түрде болады

$$\begin{cases} R_3 Q_3^2 - R_2 Q_2^2 - R_1 (Q_2 + Q_5)^2 = 0; \\ R_2 Q_2^2 + R_4 (Q_2 + Q_3)^2 - R_5 Q_5^2 = 0. \end{cases} \quad (4.33)$$

(4.18) жүйесінде теңдеулердің әрқайсысын  $Q_2$  –ға мүшелеп бөліп және белгілеп

$$\frac{Q_3}{Q_2} = x \quad \text{және} \quad \frac{Q_5}{Q_2} = y, \quad (4.34)$$

теңдеулердің келесі жүйесіне көшеміз:

$$\begin{cases} R_3 x^2 = R_2 + R_1 (1 + y)^2; \\ R_5 y^2 = R_2 + R_4 (1 + x)^2, \end{cases}$$

осы жерде табамыз

$$\begin{cases} x = \sqrt{\frac{R_2}{R_3} + \frac{R_1}{R_3} (y+1)^2}; \\ y = \sqrt{\frac{R_2}{R_5} + \frac{R_4}{R_5} (x+1)^2}. \end{cases} \quad (4.35)$$

Аталған жүйені шешу жалпы түрде болады, алайда ол тым күрделі және аз қолданылады. Сондықтан түбірлерді анықтау үшін бәрінен бұрын квадраттық теңдеулер жүйесін сызықтау әдісі, графикалық әдіс немесе бірізділікті жуықтау әдісі пайдаланылады.

А. С. Попов ұсынған сызықтау әдістерінің бірі жуықтау формулаларының көмегімен квадраттық теңдеулерді сызықтау теңдеуіне ауыстыруға негізделген. Егер екі рационалды сан болса, мысалы  $A > B$  сияқты, онда 4 %-дан аспайтын қателікпен:

$$\sqrt{A^2 + B^2} = 0,96 \cdot A + 0,4 \cdot B. \quad (4.36)$$

Теңдеулер жүйесін (4.35) келесі түрге келтіреміз:

$$\begin{cases} x = \sqrt{\left(\sqrt{\frac{R_2}{R_3}}\right)^2 + \left[\sqrt{\frac{R_1}{R_3}}(y+1)\right]^2}; \\ y = \sqrt{\left(\sqrt{\frac{R_2}{R_5}}\right)^2 + \left[\sqrt{\frac{R_4}{R_5}}(x+1)\right]^2}. \end{cases}$$

Түбір астындағы қосындының бірінші мүшесінің квадраты екінші мүше квадратынан үлкен деп жорамалдай отырып (4.36.), аламыз

$$\begin{cases} x = 0,96 \sqrt{\frac{R_2}{R_3}} + 0,4 \sqrt{\frac{R_1}{R_3}} (y+1); \\ y = 0,96 \sqrt{\frac{R_2}{R_5}} + 0,4 \sqrt{\frac{R_4}{R_5}} (x+1). \end{cases} \quad (4.37)$$

Алынған жүйе  $x$  және  $y$  белгісіздерге салыстырмалы оңай шешіледі.

Графикалық шешім гиперболаның қиылысу нүктелері координатасын іздеуден тұрады (4.35).

Бірізділікті жуықтау әдісін пайдаланған кезде мынадай.  $y = 0$  деп қабылданады және жүйенің (4.35) бірінші теңдеуінен  $x_1$  үшін бірінші жуықтау есептеледі. Жүйенің екінші теңдеуіне  $x_1$  қойып (4.35),  $y_1$  үшін бірінші

жуықтауды табамыз. Жүйенің (4.35) бірінші теңдеуіне  $y_1$  қойып,  $x_2$  үшін екінші жуықтауды табамыз. Есептеу екі бірізділікті  $x$  және  $y$  мәндері арасындағы қажетті ұқсастықты алуға дейін жалғаса береді.

Ізделетін теңдеудің  $x$  және  $y$  түбірлерін анықтағаннан кейін қарапайым диагональ қосылыс тармағындағы ауа шығыны (4.34) есебінен және жүйенің бірінші теңдеуі (4.31) мына формулалар бойынша анықталады:

$$Q_2 = \frac{Q_o}{x + y + 1}; \quad (4.38)$$

$$Q_3 = \frac{xQ_o}{x + y + 1}; \quad (4.39)$$

$$Q_5 = \frac{yQ_o}{x + y + 1}. \quad (4.40)$$

$R_\partial$  желдетудің қарастырылатын диагональ сұлбасының жалпы кедергісі мына өрнектен табылады

$$R_\partial = \frac{h_\partial}{Q_o^2}, \quad (4.41)$$

мұнда  $h_\partial = R_3 Q_3^2 + R_4 Q_4^2$  – диагональ қосылыстың жалпы депрессиясы.

$Q_4 = Q_2 + Q_3$  біліп және (4.38) мен (4.39) назарға алып, оларды (4.41)-ға қойғаннан кейін және осыған ұқсас келтіргеннен кейін қарапайым диагональ қосылыстың кедергісін анықтау үшін есептік формуланы аламыз

$$R_\partial = \frac{R_3 x^2 + R_4 (1 + x)^2}{(x + y + 1)^2}. \quad (4.42)$$

Желдетудің күрделі көп диагональ сұлбасын шешу есептеудің арнайы әдістерінің көмегімен жүзеге асырылады, күрделі желдету қосылыстары үшін тән.

**18-мысал.** Диагональ қосылыстың басында (4.7-сурет)  $64 \text{ м}^3/\text{с}$  ауа түседі. Желдету қосылыстарының тармақтары бойынша ауаны бөлу қалай анықталатыны талап етіледі, егер тармақтағы  $\text{даПа} \cdot \text{с}^2/\text{м}^6$  аэродинамикалық кедергі мынаған тең:  $R_1 = 0,05$ ;  $R_2 = 0,06$ ;  $R_3 = 0,045$ ;  $R_4 = 0,02$ ;  $R_5 = 0,3$ .

**Ш е ш і м і.** Диагональдағы ауа қозғалысының бағытын анықтаймыз. Бұл үшін келесі қатынастарды табамыз:  $R_1 / R_5 = 0,05 / 0,3 = 0,1666$ ;  $R_3 / R_4 = 0,045 / 0,02 = 2,25$ .

Есептеулерден белгілі,  $R_1/R_5 < R_3/R_4$ . Сондықтан, кедергілердің берілген ара қатыстары кезінде диагональда ауа ағынының бағыты 2-тораптан 3-торапқа қарай өтетін болады.

(4.35)-ға аэродинамикалық кедергілердің орнына олардың сандық мәндерін қойып, аламыз

$$\begin{cases} x = \sqrt{1,3333 + 1,1111(1 + y)^2}; \\ y = \sqrt{0,2 + 0,06667(1 + x)^2}. \end{cases} \quad (4.43)$$

Берілген жүйені шешу үшін бірізділікті жуықтау әдісін пайдаланамыз. Есептеу процедурасы келесі тәртіпте орындалады.

**Б і р і н ш і қ а д а м.** Жүйенің бірінші теңдеуінен  $y = 0$  (4.43) деп алып,  $x_1 = \sqrt{2,4444} = 1,563$  табамыз. Жүйенің екінші теңдеуіне  $x_1$  мәнін қоя отырып (4.43),  $y_1$  үшін бірінші жуықтауды аламыз.

$$y_1 = \sqrt{0,2 + 0,06667(1 + 1,563)^2} = 0,799.$$

**Е к і н ш і қ а д а м.** Жүйенің бірінші теңдеуіне (4.43)  $y_1$  табылған мәндерін қойып,  $x_2$  үшін екінші жуықтауды аламыз.

$$x_2 = \sqrt{1,3333 + 1,1111(1 + 0,799)^2} = 2,220.$$

(4.43) екінші теңдеуден  $x_2$  белгісіз кезінде  $y_2$  үшін екінші жуықтауды аламыз.

$$y_2 = \sqrt{0,2 + 0,06667(1 + 2,220)^2} = 0,944.$$

**Ү ш і н ш і қ а д а м.**  $y_2 = 0,944$  кезінде  $x_3$  деп есептейміз.

$$x_3 = \sqrt{1,3333 + 1,1111(1 + 0,944)^2} = 2,352.$$

Жүйенің екінші теңдеуінен (4.43) ұсынылады

$$y_3 = \sqrt{0,2 + 0,06667(1 + 2,352)^2} = 0,974.$$

Баяндалған алгоритм бойынша есептеуді жалғастыра отырып, алтыншы қадамда анықталатын шамалар үшін келесі мәндерді  $x_6 = 2,387$ ;  $y_6 = 0,982$  аламыз. Әрі қарайғы есептеу мынаны көрсетеді, есептеулердің берілген дәлдігі кезінде  $x$  үшін сандық мәндер қайталанатын болады. Түпкілікті деп қабылдаймыз,  $x = 2,387$  және  $y = 0,982$ .

$Q_2$  анықтау үшін (4.38) формуланы пайдаланамыз.  $Q_0$  орнына олардың  $x$  және  $y$  мәндерін қойып, мынаны аламыз

$$Q_2 = \frac{64}{2,387 + 0,982 + 1} = 14,65 \text{ м}^3/\text{с}.$$

(4.34)-дан ұсынылады,  $Q_3 = x \cdot Q_2 = 2,387 Q_2$  және  $Q_5 = y \cdot Q_2 = 0,982 Q_2$ . Тиісті деректерді қойып, мынаны аламыз

$$Q_3 = 2,387Q_2 = 2,387 \cdot 14,65 = 34,97 \text{ м}^3/\text{с};$$

$$Q_5 = 0,982Q_2 = 0,982 \cdot 14,65 = 14,38 \text{ м}^3/\text{с}.$$

1-2 және 3-4 тармақтағы ауа шығынын табамыз, (4.31) шарттан пайдаланамыз.

$$Q_1 = Q_2 + Q_5 = 14,65 + 14,38 = 29,03 \text{ м}^3/\text{с};$$

$$Q_4 = Q_2 + Q_3 = 14,65 + 34,97 = 49,62 \text{ м}^3/\text{с}.$$

Есептің дұрыс шешілгеніне көз жеткізу үшін желдету желісінің бірінші және екінші заңдарының алынған нәтижесіне сәйкес келетінін тексеру жеткілікті.

#### 4.1.7 Күрделі желдету қосылыстарын есептеу

Күрделі желдету сұлбасын есептеу негізіне (4.6) түрдегі теңдеу жүйесі салынған, оны шешу қазіргі есептеу техникасын тарта отырып, арнайы программалар бойынша жуықталған, итерацияланған, есептеу алгоритмдерінің көмегімен жүзеге асырылады. Осы кластағы есептерді шешудің итерацияланған әдістерінің кейбір нұсқаларын қарастырамыз.

